



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖОЛДАУЫ 2021
ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Ең басты жетістігіміз – біртұтас ел болып, жаңа мемлекет құрдық. Іргемізді бекітіп, еңсемізді тіктедік. Тұрақты қоғам қалыптастырып, орнықты даму жолына түстік.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауынан

АУДАН ӘКІМІМЕН АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТТІ

Қазақстан Республикасы Президентінің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында аудан әкімі Нұрлан Сейілов Астрахан ауданының прокуроры, Астрахан ауданы бойынша полиция бөлімінің бастығы, аудандық аурухананың бас дәрігері, СЭБ басқармасының басшысы, АЭЖ басшысы және басқа да ұйым басшыларының қатысуымен Астрахан ауданының Старый Колутон және Новый Колутон, Жалтыр ауылдарының тұрғындары үшін ашық есік күнін өткізді.

Өтініш білдірген азаматтар ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес тиісті түсініктемелер алды. Карантиндік шараларды ескере отырып, қабылдау барлық санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып жүзеге асырылды.

Үкіметтің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» айналуын Қасым-Жомарт Тоқаев қатаң тапсырған болатын. Себебі «ол тұжырымдамаға көшу аса маңызды», - деді ел Президенті. Яғни халықтың



барлық мұң-мұқтажы мемлекеттік құрылымда шешілуі тиіс. Мемлекеттік қызметтер ашық, әрі жүйелі түрде көрсетілуі керек. Мұнымен қоса, Мемлекет басшысы тұрғындармен кері байланыстың орнатылуын да міндеттеді.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

ХАЛЫҚ БІРЛІГІ - ЕЛДІҢ ӨРКЕНДЕУІ

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстан халқына «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты жыл сайыны Жолдауын жариялаған болатын.

Ең төменгі жалақы деңгейін есу бағытында қайта қарау және оны салықтық, әлеуметтік және басқа да салаларда есептік көрсеткіш ретінде орынсыз пайдалануды тоқтату.

Өз жұмысшыларының жалақысын көбейтуге ынталандыратын «ұтымды» шараларын әзірлеу, атап айтқанда реттелетін сатып алуды ынталандыру және мемлекеттік қолдауға жеңілдікпен қол жеткізу;

Микро және шағын бизнес үшін жалақы қорынан бірыңғай төлемді 34% -дан 25% -ға дейін төмендету;

Мәдениет саласы қызметкерлерінің, техникалық жұмысшылардың, жүргізушілердің және басқа кәсіп өкілдерінің жалақысын көтеру;



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖОЛДАУЫ 2021
ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН


Қолжетімді тұрғын үй ипотекасының бағдарламасын әзірлеу.

Жалпы Жолдауда аталған маңызды мақсат-міндеттерді жүзеге асыру әрбір қазақстандық көптеген саланың, оның ішінде білім беру саласының қызметкерлерінің ерен еңбегіне байланысты екенін толығымен қабылдай отырып, қолдайтынын білдіреді.

Өз ақпаратымыз.

ЕР АҒАСЫ - ЕЛ ЕСІНДЕ

Астраханской районной библиотекой проведен вечер памяти многоуважаемого аксакала, почетного гражданина Астраханского района - Кусаинова Каирбека Калиаскаровича.



а также прочитаны стихи в исполнении учащихся общеобразовательной школы №1 села Астраханка.

Душа его не знала покоя, а сердце было полно любви, к родине и людям, живущим на ней. И все творчество говорило само за себя, оценивая самого творца. В репертуаре Каирбека Калиаскаровича есть стихи о родине- «Туған жер», о великих писателях- «Гетеге», стихи посвященные семье - «Торғай 75»,



сцене концертного зала Дома культуры о жизни и творчестве Каирбека Калиаскаровича выступили – заместитель акима Астраханского района Жанар Шахпутова, политический, общественный и государственный деятель, поэтесса, журналист Алтыншаш Жаганова, председатель Совета Ветеранов Сағнай Сейтжанов, акын Серикбай Досымов, писатель и поэт Уайхан Махметов. В исполнении Аманжол Саркенова прозвучала песня «Астраханский вальс», автором слов является Каирбек Калиаскарович. Песня написана в творческом союзе с казахстанским композитором, Народным артистом Казахстана, кинорежиссёром, лауреатом двух Государственных премий Республики Казахстан в области литературы и искусства - Досханом Жолжаксыновым,



«Тереке», «Рахмет», а также коллегам и друзьям- «Аққайнар» газетінің редакторы С.А. Садауовқа».

Материал о его творчестве собран в рамках программы «Рухани жаңғыру, в котором отражены – его биография,

студенческие годы учебы в Алматы, профессиональная деятельность, и дополнено кадрами с семейного альбома. Важно добавить, что с супругой Орынбасар Казихановной, прожили долгую и счастливую жизнь, она всегда была хранителем семейного очага, верным спутником и помощником в его жизни и творчестве.

Каирбек Калиаскарович всегда был примером работы с людьми. Невольно сравниваешь аксакала с философами и мыслителями прошлого, дипломатом настоящего и поражаешься столь многогранному таланту, которым наделила его природа.

Татьяна ХАБИБУЛИНА,
библиограф Астраханской
централизованной библиотечной
системы.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ30
ЖЫЛ

БІЛІМІН ШӘКІРТТЕРІНЕ АРНАП ЖҮР

Болашақтың басшысын да, данасын да, ақылгөй ғалымды, еңбекқор егіншісін де ұстаз өсіреді. Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да солай ардақтауға міндеттіміз» деп Бауыржан Момышұлы айтқандай қанша ғасыр өтсе де адамзат баласы ардақ тұтар ұстаз – мәңгілік қастерлі ұғым, барлық мамандық атаулының басы және шыңы. Жас ұрпақты білім мен тәрбиенің қаусар бұлағынан сусындатып, жүрегінің жылуын, нұрлы ақылы мен ыстық қайратын, телегей-теңіз білімін аяулы да қымбатты шәкірттеріне арнап жүрген Первомайқа ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі – Еркенай Камарадинқызы Кыдырбаева.

Еркенай Камарадинқызы 1961 жылы 23 қарашада көршілес Өзбекстан елінің Бұхара облысы, Румитан ауданына қарасты Топыраққала ауылында дүниеге келген. Өз ауылындағы Амангелді атындағы №15 қазақ мектебін аяқтайды. Оқуға түсуге мүмкіндік болмай, тек 1982-1987 жылдары бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша Бұхара облысының педагогикалық институтын аяқтап шығады. Еңбек жолын А.С.Пушкин атындағы қазақ мектебінде бастап, туған елге қайта оралып Амангелді атындағы мектепте жалғастырады.

2004 жылы Қазақстан жеріне қоныс аударып, 2005 жылдан бастап Первомайқа ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі болып келеді. Мектеп табалдырығын аттап, алғаш партаға отырған сәт санамызда елі де жаңғырып тұр. Шыны керек бастауыш мұғалімі болу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Әр оқушының әріп емлелерін дұрыс жазуын, тәртібін бақылап, дұрыс бағдар көрсету бастауыш ұстаздарына артылған жүк. Пән мұғалімдеріне қарағанда, бастауыш сынып мұғалімдеріне салмақ көп түсетіні шындық. Яғни бастауыш мұғалімі тілді де, математиканы да, жаратылыстануды да, психологияны да меңгерген тұлға. Демек, бастауыш сынып мұғалімі баланың болашағын қалыптастырушы, оларға өзінің бар болмысымен үлгі-өнеге беруші тұлға.

Шыны керек, бастауыш пәнінің педагогы болу қызығы мен қиындығы қатар жүретін сала деуге болады. Бір үйдің еркелерін есейтіп, олардың жетістігіне



қуанып отырудан асқан бақыт бар ма? Балалармен ересек жандарша сөйлесіп, оларға келешегі жайлы көп айтатынбыз. Бала деген тез ұғып алады ғой. Сол балалар қазір бір-бір отбасының қазығын қағып, әр саланың жүгін көтеріп жүр. Міне, ұстаз үшін осыдан асқан бақыт та, жетістік те жоқ,-деп сөзін түйіндеді.

Тәуелсіздік жылдарында ұстаздың осынша ағына жарыла шәкірттерімен мақтанып отырғанын көріп, жиырма жыл бұрын балалық шағым есіме бірден орала кетті. Біздің бүгінгі жетістігімізге көпіл бастауышта берген Ырысты апайым еріксіз еске түсті. Шынымен бастауыштағы ұстаздың орны қашан да бөлек екен ғой. Бір сөзбен түйіндесек, өмірде жеткен жетістігіміздің төрінде бастауыш сынып ұстазының сіңірген еңбегі жатқаны ақиқат. Сондықтан Еркенай Камарадинқызын мектеп ұжымы, ауыл азаматтары, шәкірттерінің көбі ардақ тұтады.

Арман ЖАПАРОВ.

ТАК ДЕРЖАТЬ, ДАНА!

В рамках формирования антикоррупционной культуры среди подрастающего поколения в Акмолинской области прошел конкурс эссе «Коррупция: ее проявление и последствия. Инновационные подходы в противодействии коррупции». Ученица общеобразовательной школы №2 села Жалтыр Дана Жаксылыкова заняла первое место.



Организаторами мероприятия выступили Управление образование региона и территориальный Департамент по противодействию коррупции.

Как отметил первый заместитель руководителя Антикоррупционного ведомства региона Айдос Жакиялин, данный конкурс направлен, прежде всего, на популяризацию среди молодого поколения принципов добропорядочности, честности и неподкупности.

«Уверен, что наша молодежь, как будущее страны, внесет неоценимый вклад в нетерпимость к коррупции в обществе и укрепление нравственных ценностей, мы со своей стороны всегда готовы поддерживать ваши инициативы»,-сказал Айдос Жакиялин.

Свое отрицательное отношение к коррупции, а также видение честного и добропорядочного образа жизни выразили на государственном и русском языках ученики 9-11 классов школ и студенты 1-2 курсов колледжей области.

Среди представленных на конкурс работ особо отличилось своей содержательностью, актуальностью и лаконичностью эссе ученицы 10-го класса общеобразовательной школы №2 села Жалтыр Астраханского района Даны Жаксылыковой, которая и заняла первое место.

«В настоящее время коррупция стала одной из глобальных проблем. В качестве примера наказания коррупционеров я предложила бы следующее: человек, совершивший коррупцию, должен своими руками построить дом для не имеющих своего жилья людей или привлекаться к черновым работам, таким образом, с одной стороны, он поймет каким трудом за-



рабатывает честные деньги простой народ, с другой стороны, сделает доброе дело обычным людям»,-раскрывает в своем сочинении победительница конкурса.

Второе место заняла студентка Высшего колледжа города Степногорск Дарья Пуко, третье место — ученик 8 класса общеобразовательной школы №1 поселка Аршалы Аршалынского района Алисултан Биджиев, которые также призвали в своих эссе к честности, справедливости, нравственности.

Победители награждены дипломами, а все участники отмечены благодарностями.

Соб. инф.

ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толып отыр. Бұл қайта жаңғырған, ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы аңсап, өткен азаттықтың тұяғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл-көзді ашып жұмеандай қас қағым сәт. Дегенмен, осы жылдар ішінде еліміз талай сыннан өтіп, қаншама тарихи оқиғаға куә болды. Отыз жылғы тарих шежіресі де, тізбектеп айтса аз дүние болмайды.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына қадам басқан Қазақстан үшін 2021 жылдың он екі айы толымды істерге толы болуы тиіс. Оған «Отан» деп жүрегі соғатын еңкейген көрідең, еңбектеген жас болып атсалысуымыз азаматтық борышымыз.

Айтулы шараға біздің де, мектебіміз өз үлесін қосып, нақты іс жоспарларымен, жоғарыдан келетін түрлі бағыт бағдарларды орындауымен атсалысып жүр. Айталық мектебімізде үстіміздегі жылдың қаңтар айынан бастап Тәуелсіздіктің айтулы датасын дәріптеуге байланысты жұмыс жоспары құрылып, ол бойынша атқарылған жұмыстар үздіксіз әлеуметтік желілерде жарияланып тұрады. Атқарылған шаралардың мазмұны жас ұрпақтың бойында Отанға деген патриоттық сезімді оятып, елің, жерін сүйетін саналы ұрпақ тәрбиелеуге бағытталады. Халық болып атсалысып, асқақтатып атап өтуге теңізге құйған тамшыдай үлесімізді қосу біздің де, алға қойған міндеттеріміздің бірі екенін мақтаншыпен айта аламыз. 16 желтоқсанға дейін жалғасатын Тәуелсіздік мерекесіне арналған «30 игі іс» жұмыс жоспары басталып, алғашқы күні бастауыш сынып оқушылары арасында пән мұғалімдерінің ұйымдастыруымен патриоттық өлең жолдарын мәнөрлеп оқу сайысы өткізіліп өз мәресіне жетті. Мектеп кітапханашысы Рита Беликованың ұйымдастыруымен мектеп кітапханасында «Менің елімнің жетістіктері» тақырыбында кітап көрмесі бұрышы жасалды. Жоспарға



сай аталмыш шара күн сайын өз жалғасын тауып келеді.

Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатымен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы сезімді жас ұрпақтың жадына сіңіру баршамыздың міндетіміз. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс. Қастерлі Тәуелсіздігіміз асқақтай берсін!

Сайран БАДИЛА,
Жаңатұрмыс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ30
ЖЫЛ

БІЗДІҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ

Тәуелсіздік – бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Тәуелсіздік - таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз. Еліміз тәуелсіздіктің бесігінде тербелгелі 30 жыл. Осы отыз жыл ішінде Қазақстан етек-жеңін жиып, шекарасын бекітіп, өз алдына дербес зайырлы ел болды. Бұл атадан келе жатқан ұлы жеңістің жемісі. Осы отыз жыл ішінде Қазақстан етек-жеңін жиып, шекарасын бекітіп, өз алдына дербес зайырлы ел болды.

Осы отыз жыл ішінде Қазақстан етек-жеңін жиып, шекарасын бекітіп, өз алдына дербес зайырлы ел болды. Бұл атадан келе жатқан ұлы жеңістің жемісі. 1991 жылы 16 желтоқсанда егемендігін алған еліміздің өз президенті, ұлты мен ұлысы, салты мен дәстүрі, мәдениеті мен экономикасы болды. Желтоқсанның желі мен ызғарына қарсы тұрған жастардың жалынды рухы мен ерліктерінің арқасында шаңырағы биік, керегесі кең мемлекет болып қалыптастық.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге мектебімізде іс-шараларының жоспары бекітіліп, атқарылып жатыр. Өткізіліп жатқан іс-шаралардың мақсаты жас ұрпаққа бағытталуы, рухани серпініне айналуы және азаматтардың, әсіресе жастардың патриоттық сезімдерін ояту, тәлім-тәрбие беру. Мектебімізде өтіп жатқан келесі іс-шараларды атап өтуге болады. «Даламды әнмен тербедім» атты әдеби композиция, «Тәуелсіздік Қазақстанның жаһандық бастамалары» атты кітап көрмесі, «Тәуелсіздік ұрпақтары» бейне-таныстырылым, «Теңге - тәуелсіздік келбеті» атты



сынып сағаты, «Тәуелсіздікке тарту» атты қолөнер көрмесі. Сондай-ақ, атқарылатын іс-шаралар өз жалғасын табатын болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей: «Тәуелсіздік – бұл біздің басты құндылығымыз, ескелең жастар тәуелсіз Қазақстанның болашағы! Біздің міндетіміз, мақсатымыз – осы еркіндікті баянды ету біздің басты парызымыз.


Баршагүл ЖҰМАБАЙ,
Колутун ауылының
ЖОББМ тәлімгері.

К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ АСТРАХАНСКОГО РАЙОНА!



Уважаемые жители Астраханского района, сообщаем вам о возможности получения государственных услуг, через уголок «Е-Gov», который функционирует в здании ГУ «Аппарат акима Астраханского сельского округа», по адресу: с.Астраханка, ул. Ы. Алтынсарина, 65/3.

Здесь вы можете получить необходимые для вас документы, подать заявление (получение земельного участка, регистрацию брака и т. д.), получить ту или иную справку (справки о наличии либо отсутствии судимости, получение справки о пенсионных отчислениях, продления



водительского удостоверения и т.д.). Важным моментом для услугополучателя является наличие ЭЦП (электронно-цифровой подписи), т.е. для получения государственной услуги, услугополучатель должен иметь свою электронно-цифровую подпись на съемном носителе или удостоверение личности. Также, Если у вас нет ЭЦП (электронно-цифровой подписи), вы можете получить ее удаленно, т.е. тут же на месте, в этом вам поможет и проконсультирует специалист сельского округа.

Всю интересующую информацию вы можете получить по телефону 2-26-98.

Асемгуль МУКАНОВА,
ведущий специалист Астраханского сельского округа.

УРЕГУЛИРОВАНИЕ СПОРОВ ПУТЕМ МЕДИАЦИИ



Сферой применения медиации являются споры (конфликты), возникающие из гражданских, трудовых, семейных и иных правоотношений с участием физических и юридических лиц, а также рассматриваемые в ходе уголовного судопроизводства по делам об уголовных проступках, преступлениях небольшой и средней тяжести, если иное не установлено законами Республики Казахстан.

Медиация, в праве – одна из технологий альтернативного урегулирования споров с участием третьей нейтральной, беспристрастной, не заинтересованной в данном конфликте стороны – медиатора, который помогает сторонам выбрать определенное соглашение по спору, при этом стороны полностью контролируют процесс принятия решения по урегулированию спора и условия его разрешения. Стороны спора смогут избежать длительные судебные процедуры, и допол-

нительные судебные расходы. Медиация – это достижение взаимовыгодного и мирного соглашения, удовлетворяющего обе стороны и снижающего уровень конфликтности. В отличие от судебного процесса при медиации не бывает «виновных» или «невинных» сторон. Стороны согласованно решают обратиться к медиатору или нет. В случаях, когда решение проблемы таким путем не представляется возможным, за ними сохраняется право обратиться в суд. При медиации стороны рассчитывают на равные права, а также на них возлагаются равные обязанности. Также стороны могут по своему усмотрению договориться о месте проведения медиации и о языке, который будет использоваться в ходе проведения медиации.

Участники медиации не вправе разглашать сведения, ставшие известными им в ходе медиации, без письменного разрешения стороны медиации, предоставившие эту информацию.

Ольга ОЧЕРЕТАНЮК,
главный специалист
Астраханского
районного суда.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«AZAM-KC» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің бабына сәйкес 2021 жылдың 26 қарашадан бастап жұмыс жобасының «Ақмола облысы Жалтыр стансасында «AZAM-KC» ЖШС темір жолының құрылысы, Астрахань ауданы, с. Жалтыр (сметалық құжаттамасыз)» жобасы бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қабылданады.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «AZAM-KC», в соответствии с требованиями пункта 2 статьи 58 и пункта 1 статьи 73 Экологического кодекса РК, сообщает, что с 26 ноября 2021 года на Едином экологическом портале (Ecoportal.kz) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по проекту ОВОС к рабочему проекту «Строительство железнодорожного пути ТОО «AZAM-KC» по станции Жалтыр в Акмолинской обл., Астраханский район, с. Жалтыр (без сметной документации)» к Рабочему проекту «Строительство железнодорожного пути ТОО «AZAM-KC» по станции Жалтыр в Акмолинская обл., Астраханский район, с. Жалтыр (без сметной документации)».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале для предоставления замечаний и предложений.

АКЦИЯ «СТОП НАЕЗДЫ»



В период с 15-19 ноября 2021 года на участке обслуживания ЛУП на ст. Нур-Султан ЛоП на ст. Жалтыр проводилась акция «Стоп наезды».

Линейное управление полиции на ст.Нур-Султан призывает граждан быть внимательными на объектах железнодорожного транспорта, опасности свою жизнь. Помните том, что железнодорожный транспорт - это зона повышенной опасности, где необходимо выполнять правило личной безопасности.

Переходить железнодорожные пути в установленных местах, на разрешающий сигнал светофора пользоваться пешеходными мостами, тоннелями, настилами, убедившись в отсутствии приближающегося поезда или маневрового локомотива.

Не оставляйте детей без присмотра на вокзалах, станциях, пассажирских платформах, вблизи железнодорожных путей.

Держите их за руку или на руках. Игры и невнимательность на объекте повышенной опасности - один из главных причин травмирования детей.



Д. ШОРАЕВ,
начальник ЛоП
на ст.Жалтыр,
майор полиции.

ИЗУЧАЕМ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

1-тапсырма. Лексикалық минимум

дүниеге келдім/тудым	родился, родилась	мамандық	специальность
аяқтадым/бітірдім	окончил, окончила	тұрмыстамын	замужем
еңбек өтілі	трудовой стаж	үйленгенмін	женат
сәулетші	архитектор	бойдақпын	холост
тәрбиелеп отырмыз	воспитываем	тұрмыста емеспін	незамужем

ӨЗІМ ТУРАЛЫ

2-тапсырма.

Мәтінді оқыңыз.

Өзім туралы
Менің аты-жөнім – Ахметжанова Гүлнар Қабдешқызы. 1983 жылы 15 қыркүйекте дүниеге келдім. 1990 – 2001 жылдар аралығында Сандықтау ауданы Амангелді ауылындағы қазақ орта мектебінде оқыдым. 2001 жылы Көкшетау мемлекеттік университетіне филология факультетіне оқуға түстім. 2006 жылы оқуды бітірдім. Мамандығым қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі. Қазір Көкшетау қаласының №19 орта мектебінде қызмет етемін. Отбасым бар. Жолдасым – сәулетші. 2 қыз және 1 ұл тәрбиелеп отырмыз. Білімім – жоғары. Мекенжайым – Әуелбеков көшесі, 15-үй, 57-пәтер.

3-тапсырма.

Сөздерді орын тәртібі арқылы қойып, сөйлем құраңыз.

1.Тудым, 1986, Алматы, жылы, қаласында, мен.
2. Уәлиханов, мектепті, жылы, атындағы, Шоқан, орта, аяқтадым, 2003.
3. Әкем, істейді, менің, журналист, болып.
4. Мектепте, 2005, ауылдағы, жылдан, жұмыс, бастап, істеймін, орта.

5. Ағам, бар, менің.

4-тапсырма.

Көп нүктенің орнына керекті етістіктерді қойыңыз.

1998 жылы №2 орта мектебін саяжайға _____ демалыс күні аяқтадым. _____ Келесі айда 10 күнге еңбекақысыз демалыс _____ Менің ұлым кеше концертке _____ Сенің досың сенбі күні _____?

5-тапсырма.

Сөздерді қатыстырып сөйлем құраңыздар.

Дүниеге келдім, оқуға түстім, отбасы, аяқтадым, ата-ана, жұмыс тәжірибем, еңбек өтілім, ауылда, жұмыс істеймін, жасым 35-те, мектеп қабырғасында, тұрмыстамын, мамандығым.

6-тапсырма.

Жақшаны ашып, сөйлемдерді толық-тырыңыз.

(Я), Еркін Сайлауұлы Қалиев, 1983 (жылы) 2 (март) Ақмола облысы Степногорск (в городе) (родился). (Национальность) - (казах). 1993-2004 жылдар аралығында Степногорск қаласының №5 қазақ (средней школе) оқыдым. 2004

ПРОФИЛАКТИКА ВИРУСНОГО ГЕПАТИТА «А»

Вирусный гепатит «А» - это острое инфекционное заболевание печени. Гепатит «А», как и кишечные инфекции, называют болезнями грязных рук.

Заражение происходит от человека к человеку при несоблюдении правил личной гигиены. Вирусы гепатита «А» попадают в организм через воду, пищу, грязные руки и предметы обихода. Гепатитом «А» болеют люди всех возрастов, но чаще – дети и подростки. Наибольшее число заболеваний приходится на осенне-зимний период.

Первые признаки гепатита «А» сходны с началом простудных заболеваний, в чем и состоит сложность его раннего диагностирования, в начале появляются ухудшение аппетита, повышение температуры до 37.5 градусов, затем добавляются боли в правом подреберье, тошнота, иногда рвота и только потом явные признаки гепатита такие как: темная моча, светлый кал, желтушность склер глаз, мягкоко неба, рук и ног, но при этом, нередко заболевание может протекать вовсе без желтухи.

Скрытый (инкубационный) период болезни может длиться от 7 дней до 7 недель, этот период и является самым опасным для окружающих людей, когда больной наиболее заразен. Вирус гепатита А довольно устойчив во внешней среде, в холоде сохраняется до нескольких недель, при кипячении погибает только через 5 минут.



Как же защитить себя от заражения вирусным гепатитом А?

Для специфической профилактики используют вакцину «против вирусного гепатита А», двухкратная вакцинация проводится по календарю профилактических прививок, в плановом порядке детям в возрасте 2-х лет и по эпидпоказателям не привитым контактным детям до 14 лет в очагах заболевания. Остальным же, что бы обезопасить себя от заражения, необходимо соблюдать элементарные правила:

- соблюдать личную гигиену:

тщательно мыть руки с мылом после возвращения домой с улицы, перед едой и после посещения туалета;

- не употреблять воду из случайных водосточников, если есть сомнения в качестве воды - пить воду только кипяченую или бутилированную.

- тщательно мыть овощи, фрукты, ягоды перед их употреблением

- не приобретать продукты питания у случайных лиц или в местах несанкционированной торговли

- при хранении воды в емкостях необходимо систематически очищать их с использованием бытовых средств очистки, содержать емкости в чистоте.

- при появлении вышеперечисленных симптомов заболевания немедленно обратиться к врачу, не заниматься самолечением, подвергая опасности заражения окружающих людей

Г. ТАЙШИБАЕВА,
главный специалист РГУ
«Астраханское районное управление санитарно-эпидемиологического контроля».



ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«K Group of Companies» ЖШС Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 58-бабының 2-тармағының және 73-бабының 1-тармағының талаптарына сәйкес **2021 жылғы 30 қарашадан 14 желтоқсанға** дейін бастап Бірыңғай экологиялық ұйымда қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Портал (Ecorportal.kz) «Ақмола облысы Астрахань ауданындағы Каменское құрылыс тас кен орнындағы бұзылған жерлерді рекультивациялау» жобасының шеңберінде «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі жобасының қоғамдық талқылауы түрінде жүргізіледі.

Түсініктемелер мен ұсыныстарды қамтамасыз ету үшін жобалық құжаттама пакетін Бірыңғай экологиялық порталдан табуға болады.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «K Group of Companies», в соответствии с требованиями пункта 2 статьи 58 и пункта 1 статьи 73 Экологического кодекса РК, сообщает, что с **30 ноября по 14 декабря 2021 года** на Едином экологическом портале (Ecorportal.kz) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по проекту Раздел «Охрана окружающей среды» в составе Проекта «Рекультивация нарушенных земель на Каменском месторождении строительного камня в Астраханском районе Акмолинской области».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале для предоставления замечаний и предложений.

ПРИКАЗ

03.11.2021 года №196-ОД

город Кокшетау

Об утверждении тарифа, дифференцированных тарифов, тарифной сметы и размера платы для потребителей (физических лиц) не имеющих приборов учета на регулируемые услуги по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергией государственному коммунальному предприятию на праве хозяйственного ведения «Комхоз» при акимате Астраханского района

В соответствии с подпунктами 10), 12) статьи 8 Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях», пункт 3 статьи 65 Закона Республики Казахстан «О правовых актах», **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить государственному коммунальному предприятию на праве хозяйственного ведения «Комхоз» при акимате Астраханского района на регулируемые услуги по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергией, с вводом в действие с 1 декабря 2021 года:

1) Дифференцированные тарифы, согласно приложению 1 к настоящему приказу;

2) Тариф и тарифную смету, согласно приложению 2 к настоящему приказу.

2. С вводом в действие пункта 1 настоящего приказа считать утратившим силу:

1) приказ РГУ «Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Акмолинской области» от 15 февраля 2021 года № 23-ОД «Об утверждении временного компенсирующего тарифа на услуги по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергией»

Руководитель

А. Сабыржан

Приложение 1 к приказу РГУ «Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Акмолинской области» от 03.11.2021 года №196-ОД

ГКП на ПВХ «Комхоз» при акимате Астраханского района
Дифференцированные тарифы на регулируемую услугу по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергией, с вводом в действие с 01 декабря 2021 года

№	Группа потребителей	Утверждено уполномоченным органом, тенге/Гкал (без НДС)
	Среднеотпускной тариф	
I	Физические лица, относящиеся к категории населения с приборами учета без приборов учета	142,18 с НДС
II	Прочие потребители, не относящиеся к первой и третьей группе с приборами учета без приборов учета	5536,60 7103,17
III	Бюджетные организации, содержащиеся за счет бюджетных средств с приборами учета без приборов учета	6186,20 13736,41

Администрация и профсоюзный комитет Астраханской районной больницы выражают искренние соболезнования врачу стоматологу Асановой Раушан Кушербековне в связи с кончиной брата **Кабдулина Мурата Кушербековича**

Поздравляем юбиляров и именинников!

С 85-летним юбилеем сердечно поздравляем **Тыщенко Владимира Федоровича** – труженика тыла из с.Астраханка.

С 80-летием от всей души поздравляем **Колесникову Ларису Антоновну** – ветерана труда из с. Астраханка.



С 75-летием поздравляем **Садового Юрия Леонидовича** – ветерана труда из с.Жалтыр и **Жусупбекову Марию** из с.Астраханка

С 70-летним юбилеем поздравляем **Бексеитова Даулбая Жумабековича** из с.Астраханка, **Гойко Евгению Антоновну** из с.Каменка и **Ахмет**



Ибрагима Жүсіпбекұлы из с.Өндіріс

С 65-летием поздравляем **Елеупова Жумағали Кулмағанбетовича** – ветерана труда из с.Астраханка, **Тищенко Валерия Анатольевича** из с.Жалтыр и **Егимбаева Серика Сартаевича** из с.Акимовка.

Желаем вам крепкого здоровья, добра, тепла, любви и заботы родных и близких, уюта и благополучия в ваших домах!

Районный совет ветеранов

Поздравляю с днем рождения ветерана **ОВД Уалиева Кайрата!**

День рождения – прекрасная дата!

Желаю здоровья на долгие годы,

Чтоб Вас стороной обходили невзгоды,

Чтоб счастье и радость не знали разлуки,

Чтоб душу согрели Вам дети и внуки!



Председатель Совета ветеранов ОВД Астраханского района **Жанат Шахупов**

Поздравляем с днем рождения **Кирсакова Михаила Петровича!**

Желаем крепкого здоровья, жизненной силы и энергии, всех благ и удач!

Мужчине годы вовсе не помеха, и

В день рождения хотим Вам пожелать,

Активности, здоровья и успеха,

Чтоб все сполна от жизни получать!

Совет ветеранов с. Ягодное

ПРИЕМ
И
УТИЛИЗАЦИЯ

**ГЕРБИЦИДНЫХ
КАНИСТР, ПЛЕНКИ,
ЦЕЛЛОФАНА,
ПВД ТРУБ.
Обращаться
по телефону
8 775 825 07 09**

НАТЯЖНЫЕ
ПОТОЛКИ

**БЫСТРО
И КАЧЕСТВЕННО
МНОГООБРАЗИЕ
ЦВЕТА**

Тел. 8-701-3984131

В ЦБО 4 АО

Народный Банк Казахстана

**ТРЕБУЕТСЯ КАСИР
И КОНСУЛЬТАНТ**

ПО ВСЕМ ВОПРОСАМ ОБРАЩАТЬСЯ
ПО ТЕЛЕФОНУ - 79903



СЧИТАТЬ НЕДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМИ

Утерянные техпаспорт на комбайн «Вектор», серия ШМ № 0121579 и госномер 478 С АСД, выданные 21.08.2006г. на ТОО «Избасаров и К»

Утерянный техпаспорт на трактор МТЗ-82, серия АКМ № 100234, выданный 27.10.2020 г. на ТОО «ВИК – Агро»

СРОЧНО ПРОДАМ

ДЕЙСТВУЮЩИЙ БИЗНЕС

КАФЕ В СЕЛЕ ЖАЛТЫР

8 702 751 94 55

ЕСКЕ АЛУ

САҒЫНДЫҚ АНА, ДАУСЫҢДЫ

2008 жылдың 29 желтоқсанында 67 жасқа қараған шағында сыйлы да аяулы анамыз, ардақты әжеміз **Қабиба Мырзашқызы өмірден озды.**

Жарық дүниедегі ғұмырында аяулы жар, алты баланың анасы, немере-шеберелеріне алтын әже бола білді. Көзі тірі болса 28 қараша 80 жасқа толар еді. Жаның жәннатта, топырағың торқа болсын. Аллаһ тағала жұмақтан орын нәсіп тесін деп тілейміз.

Сағына еске алушылар: балалары және немерелері.



Не выразить словами всей скорби и печали и с глубочайшим сочувствием выражаем соболезнования родным и близким **Шекшаева Виктор Ивановича**. Память об этом чудесном, добром и чутком человеке навсегда останется в наших сердцах. Вечная память и вечный покой тебе наш друг, одноклассник.
10 «Б» класс 1973 года выпуска и классный руководитель Вдовиченко Я.И.

Аудандық ардгерлер кеңесі **Қабыкен Сақыпжамал Жабақызының** дүниеден өткеніне байланысты оның отбасына, туысқандарына және жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет «Астрахан аудандық «Маяк» газеті» ЖШС-де теріліп, беттелген, «Медиа-холдинг» ЖШС-де басылып шығарылған, 010000 Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы, Силети, 30. ЖШС-нің тіркеу күәлігі 5485-1902. 2012 жылдың 6 қаңтарында Қазақстан Республикасының байланыс және ақпарат министрлігінің ақпарат және архивтер комитетінде тіркелген. №12353-Г тіркеу күәлігі. Таралымы 1050. Индекс 66811.

Собственник:
ТОО «Астраханская
районная газета «Маяк»

Издается при
поддержке акима района,
районного маслихата

Директор - редактор
Арман Жапаров
Телефон 2-21-73



Корреспондент - 2-27-98
Бухгалтерия,
прием рекламы - 2-36-93

Газета набрана и сверстана в ТОО «Астраханская районная газета «Маяк», отпечатана в ТОО «Медиа-холдинг» 010000, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Силети, 30.
Регистрационное свидетельство 5485-1902-ТОО.
Зарегистрирована в Комитете информации и архивов Министерства связи и информации Республики Казахстан 6.01.2012 г.
Регистрационное свидетельство №12353-Г.
Тираж 1050. Индекс 66811.

Рукописи не рецензируются и не возвращаются.
Ответственность за достоверность фактов несут авторы,
за содержание рекламы - рекламодатели.
Точка зрения авторов и мнение редакции могут не совпадать

НАШ АДРЕС
020300

с. Астраханка,
ул. Аль-Фараби, 65

Электронная почта
astrmayak@mail.ru